


Бекітемін:
«Көмек ата» бөбекжай-
балабақшасының меңгерушісі:


Б.Байсова.
№1 педагогикалық кеңес
«31» тамыз 2021 жыл.

«КӨМЕК АТА»БӨБЕКЖАЙ-БАЛАБАҚШАСЫ»ЖШС

2021-2022 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН

ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

2021-2022 оқу жылы

Жетісай ауданы, Абай а/о 2021 – 2022 оқу жылы

жылдық жоспардың структуралық моделі:

1.Ұйымдастыру жұмыс

- 1.1. Кіріспе
- 1.2. 2020- 2021жылының жұмысын талдау
- 1.3. 2021- 2022 оқу жылының міндеттемелері
- 1.4. Балабақшаның күн тәртібі
- 1.5 Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі
- 1.6 Үлгілі оқу жоспары
- 1.7 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

2. Кадрлармен жұмыс.

- 2.1Педагогикалық кеңестер
- 2.2 Өндірістік кеңестер
- 2.3 Меңгеруші жанындағы кеңестер
- 2.4. Педагогтарды аттестаттаудан өткізу
- 2.5. Педагогтардың біліктілігін арттыру жоспары

3.Әдістемелік жұмыс

- 3.1. Әдістемелік кеңестер
- 3.2 Косультациялар , семинарлар, семинар-практикумдар, дөңгелек үстелдер.
- 3.3 Озық педагогикалық тәжірибе
- 3.4. Жас мамандармен жүргізілетін жұмыстар
- 3.5 Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері

4. Балалармен жұмыс

- 4.1 Қауіпсіздік мектебі
- 4.2 Ертеңгіліктер
- 4.3Серуендер
- 4.4 Сайыстар, көрмелер

5.Бақылау және басшылық

6. Әлеуметпен жұмыс

6.1 Жалпы ата аналар жиналысы

6.2Топтар жиналысы

6.3 Ата-аналар консультациясы

6.4 Ашық есік күндері.

7. Шаруа- әкімшілік жұмысы

Жылдық жоспарға қосымша: Мектеп пен балабақша арасындағы байланыс жұмыс жоспары

1. Медицина қызметкерінің жұмыс жоспары
2. Шығармашылық топтың жұмыс жоспары
3. Жазғы сауықтыру жұмысы (Салауатты өмір салтын ұйымдастыру)

1.1.Кіріспе.

«Көмек ата»бөбекжай-балабақшасы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Абай а\о Жүзімдік ауылы,Қ.Бекхожин көшесінде №47 үйде орналасқан. Балабақша мемлекеттік комиссия шешімімен 2015 жылы 01 сәуір айында іске қосылды. Ғимарат 1 бөліктен тұрады. Балабақша екі қабатты ғимараттан құралған. Балабақша ғимаратында 4 топқа арналған шешінетін қабылдау бөлмесі, ойын және ұйқы бөлмесі бар. Музыка мен әкімшілік бөлмелері, медицина бөлмесі және кіші топқа арналған әжетхана бар. Аулада үлкен топқа арналған әжетхана орналасқан.Топтар 85 бала санын құрайды. Асхана, қойма және кір жуатын бөлмелер бір ғимаратта орналасқан. Су , электр жүйесі орталықтандырылған. Жылу жүйесі пеш арқылы көгілдір отынмен, жылынады. Балабақша темір қорғанмен қоршалған . Балабақша көгалдандырылған: алма,өрік, шие,әртүрлі жеміс ағаштары басқа да ағаштар отырғызылған. Гүлзарларға гүл егіліп күтім жасалуда. Балабақша ауласында ойын алаңы бар. Әр топқа арналған жазғы бастырмалар бар.Ойын алаңында, карусель әткеншектер,сырғанауға арналған төбешіктер түрлі-түсті баллондар қойылып, құм толтырылған кіші бастырмалармен жабдықталған. Медициналық бөлмесі балалардың антропометриялық өлшеулерін анықтайтын құралдармен,дәрі-дәрмектермен жабдықталған. Жалпы балабақшада 6 педагог жұмыс істейді. Жоғары білімді педагог: 0

Арнаулы орта білімді педагог:6

Жалпы балалар саны- 85

Балалар жасы бойынша 4– топқа бөлінеді.

№	Топтар	Жас ерекшеліктері	Балалар саны
1	Ерте жас «Балапан» тобы	1 - 2	15
2	Кіші «Балауса» тобы	2- 3	20
3	Ортаңғы «Айгөйлек»тобы	3-4	25
4	Ересек «Жұлдыз» тобы	4-5	25

Жұмыс уақыты 5 күндік сағат 8:00 дан 18:30 дейін

1.2. 2020- 2021 Оқу жылының жұмысын талдау

Бөбекжай–бақшасының №8-08 н/қ бұйрығы негізінде 2020-2021оқу жылында 4 топ жұмыс жасады.

Жалпы бала саны – 85.

«Көмек ата»бөбекжай-балабақшасы»ЖШС «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қазақстан Республикасы үкіметінің қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу жоспарына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығы), Мектепке дейінгі

тәрбиелеу мен оқытудың Үлгілік оқу бағдарламасына (Қазақстан Республикасы білім және ғылым Министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы); Қазақстан республикасындағы мектепке дейінгі мекемелерде 2020-2021 оқу жылында білім беру үдерісін ұйымдастыру туралы» әдістемелік– нұсқаулық хатына сәйкес қызмет етті. Балабақшаның білім беру – тәрбиелеу жұмысының негізгі бағыттарын жүзеге асыру, қашықтықтан және онлайн оқыту форматындағы сабақтарды (консультацияларды) ұйымдастыру жөніндегі іс-шаралардың 2020-2021 оқу жылына арналған жоспары бойынша жұмыс жүргізілді. Ересек топ, ортаңғы топтармен қашықтықтан аптасына екі рет ұйымдастырылған оқу қызметтері, мерекелік іс-шаралар өтілді. Ортаңғы топтарға , ересек топтарға -Электронды киіз үй, әуенді кесте, ТРИЗ технологиясы бойынша шығармашылық жұмыстар жүргізілді.Барлық топтар және әдіскер бөлмесі оқу жылында Қаз білім жабдықтан алынған талапқа сай Фребель ойыншықтарымен қамтылған болатын, тәжірибе жұмысына арналған құрал-жабдықтармен толықтырылып, тәрбиеші ж/е педагог мамандардың портфолиосы толықтырылды.

- Бөбекжай-бақша дәліздері, топ бөлмелері талапқа сай стендтермен жабдықталды
-Бөбекжай-бақша дәліздерінде педагог қызметкерлердің күшімен суретті галереялар ілініп,қолдан жасалған ойыншықтардан «Ертегілер» бұрышы ашылды.Топтарда желілі-рөльді ойындармен, дидактикалық материалдармен, жаңа кілемдермен жабдықталды.

Балабақшада- топтардың тізімі бекітіліп, кестені, жұмыс кестесін, күн тәртібін жасалып , қызметкерлерге жұмыс кестесі, лауазымдық міндеттері таныстырылып, кезекші тізімдері жасалып, қашықтықтан ҰОҚ ұйымдастырылды.

Тәрбиеленушілердің қозғалысы, балабақша педагогтарының сапалық құрамы, материалдық база, балабақшаның техникалық қызметкерлері туралы мәліметтерді және басқаларды ҰБДҚ толтырып отырдық.

Жетісай ауданының білім бөлімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы 2020 жылғы 13 тамыздағы №345 бұйрығына сәйкес жұмыстар жүргізілді. Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде ұйымдастырылған оқу қызметтерін(бұдан әрі- ҰОҚ) ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдарды қолдана отырып жүзеге асты.

1) ұйымдастырылған оқу қызметі (кеңестер)қашық форматта; (15 минуттан артық емес)

2) кезекші топтардың жұмысы ұйымдастырылды.

3. Ұйымдастырылған оқу қызметін (кеңестер) ұйымдастыру қашықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, ата-аналардың қалауы бойынша, қол жетімді байланыс түрлері бар, үй жағдайында ересектер тобында материалдар ұсынылды, ата-аналардың жетекшілігімен тәрбиешілердің тапсырмаларын орындады. Ал кіші топ

тәрбиеленушілердің ата-аналарымен үй жағдайында санитарлық талаптарды орындау туралы кеңестер онлайн форматта жүргізіліп отырды.

Тәрбиешілердің қашықтықтан кіріктірілген сабақ кестелері құрылып, бекітілді. Бекітілген оқу кестесіне сәйкес қашықтықтан ұйымдастырылған оқу қызметін өткізілді. Тәрбиешілер әлеуметтік желіде ((WhatsApp) топтар құрып, жас топтарын ескере отырып өтпелі тақырыптыр бойынша бейне сабақтар, мультфильмдер, аудио-ертегілер көрсетіп отырды. Баланың сабақты қабылдауын кері байланыс арқылы ата-аналармен хабарласып отырды.

Ата - аналардың өтініші бойынша кезекші топтарды ұйымдастыру-тиісті аумақтардың бас мемлекеттік санитарлық дәрігерлерінің келісімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың шешімдері негізінде санитарлық талаптарды сақтай отырып, ашылды. Санитарлық талаптарды сақтай отырып, ата-ана өтініші негізінде 2021 жылдың наурыз айынан бастап үш топқа 40 балаға кезекші топ ашылып, жұмысын жүргізді.

Кезекші топтардың контингенті, кестесі, жұмыс кестесі, педагогикалық құрамы №4 ші педагогикалық кеңестің отырысында бекітілді. Барлық қызметкерлер және тәрбиеленушілер таңертеңгі филтреден өтіп тұруын қатты қадағаланды. Жыл бойы да педагогикалық кеңестер, меңгеруші жанындағы кеңестер, өндірістік кеңестер онлайн форматта өтілді. Балабақша ұжымы бекітілген жоспар бойынша жұмыс жүргізді. Жазғы айларда балабақша ұжымы өз күшімен ғимараттарды жөндеу жұмыстарын өткізіп, балабақшаға жаңа оқу жылына дайындық жүргізді. Ата-анамен өзара байланыс жасалды. Ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Мектепке дейінгі ұйымның басты серіктесі баланың ата-аналары болып табылады. Бала тәрбиесіндегі отбасы негізгі анықтаушы рольді алады. Ал балабақша өз кезегінде оларға көмек көрсетуге ұмтылады, баланың қабілеттерін дамыту үшін мүмкіндіктерін ашады. Сондықтан, біздің мектепке дейінгі мекемеміздің негізгі қызмет бағытының бірі баланың дамуы мен өзара байланыс мәселелерін шешуде отбасы мен балабақша күшін біріктіру, балабақша – отбасы тұтас білім беру кеңістігін орнату болып табылады. Ата-аналармен өзара байланыс жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Әлеуметтік төлқұжаттар толтырылып, балабақшамыз білім сапасымен қанағаттану деңгейлері анықталды.

Ата-аналармен жұмыстың дәстүрлі емес формаларын қолдану балалар мен ата-аналар ұжымының ынтымақтасуына, балабақша мен отбасының серіктесуіне ықпал етті. Осыған орай, тренинг элементтерімен «Бәйтерек» ересек тобы ата-аналар жиналысын өтті - тәрбиешісі: Р.Азимбаева, «Балалардың өз өзіне қызмет етуі» - жиналыс - диспут – тәрбиешісі: Б.Қойшыбекова өтті.

Карантин тәртібі шеңберінде қашықтық оқыту түрі жүргізіліп, ата-аналар белсенділік танытып, кері байланысқа шықты, балалардың жасаған сабақтарының фотосуреттері мен видеожазбаларын жіберді.

Жыл соңында жүргізілген «Сіздің балабақша жұмысы туралы пікіріңіз» сауалнамасының нәтижесі ата-аналардың балабақша ұжымының жұмысын оң бағалайтынын көрсетті. Алынған мәліметтерге сүйенсек, ата-аналар балабақша жұмысын жағымды бағалайды, балалардың балабақшада болуына қанағаттанады, жүйелі әрі жоспарлы жүргізіліп отырған педагогтардың кәсіби жұмыстарын жоғары бағалайды. Бірақ балалардың денсаулықтарын нығайту жұмыстарын жетілдіру керек деп есептейді.

Тәрбиеленушілердің отбасыларымен ұйымдастырылған түрлі жұмыстар ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыруға ықпал етті. Балабақша өміріне деген тұрақты қызығушылықтары нығайды.

1.3. 2021- 2022 оқу жылы жұмысының негізгі бағыттары

Мақсаты:

- Салауатты өмір салтын, ұлттық ойындар мен жаттығулар арқылы дене шынықтыруға қызығушылықты кіріктіру әдіс-тәсілі арқылы мінез – құлықты қалыптастыру.
- Мектеп жасына дейінгі тәрбие мен оқытуда білім беру салаларын кіріктіріп, инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы 4 К модулы бойынша командамен бірлесе жұмыс жасауды қалыптастыру.
- Коммуникативтік – танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды инновациялық әдістер мен технологиялар элементтерін қолдана отырып қалыптастыру.
- Эксперименттік зерттеу жұмыстары арқылы балалардың танымдық логикалық ойлау, тілдік сөйлеу, шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеті:

- Қауіпсіз мінез-құлық дағдыларына музыканы байланыстырып, жаттықтыру арқылы балалардың негізгі қимыл тәжірибелерін байыту.
- Балаларды грамматикалық дұрыс сөйлеуге, негізгі ойын дұрыс жеткізіп, байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытуды.
- Балалардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытумен қатар табиғат әлеміне танымдық қызығушылықтарын зерттеу жобалау арқылы арттыру.
- Балалардың танымдық шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаға эстетикалық қабылдауын кіріктіру тәсілдері арқылы дамы

1.4. Балабақшаның күн тәртібі

Ерте жас тобы (1 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.30 -9.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	9.30 –10.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 -10.25
Серуенге дайындық, серуен	10.25-11.30
Серуеннен оралу	11.30 - 11.50
Түскі асқа дайындық, түскі ас	11.50 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.25
Серуенге дайындық, серуен	16.25- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

Кіші топ (2 жастан бастап)

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.30
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.30 -9.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	9.30 –10.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	10.00 -10.35
Серуенге дайындық, серуен	10.35-11.40
Серуеннен оралу	11.40 - 12.00
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.00 - 12.30
Ұйқыға дайындық, ұйқы	12.30 - 15.00
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.00 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.35
Серуенге дайындық, серуен	16.35- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

**Ортаңғы топ
(3 жастан бастап)**

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.00 -8.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	8.30 –9.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	9.00 -10.10
Серуенге дайындық, серуен	10.10-12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00- 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 16.00
Ойындар, дербес әрекет	16.00 - 16.45
Серуенге дайындық, серуен	16.45- 17.30
Серуеннен оралу	17.30 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

**Ересек топ
(4 жастан бастап)**

Режимдік сәттер	Уақыты
1	2
Қабылдау, тексеріп - қабылдау, таңертеңгі жаттығу, үстел үсті, саусақ, дидактикалық ойындар	7.30 - 8.00
Таңғы асқа дайындық, таңғы ас	8.00 -8.30
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	8.30 –9.00
ҰОҚ (үзілістерді қоса алғанда)	9.00 -10.30
Серуенге дайындық, серуен	10.30-12.10
Серуеннен оралу	12.10 - 12.30
Түскі асқа дайындық, түскі ас	12.30 - 13.00
Ұйқыға дайындық, ұйқы	13.00- 15.10
Біртіндеп тұру, ауа, су емшаралары	15.10 - 15.30
Бесін асы	15.30 - 15.50
Дербес әрекет, ҰОҚ дайындық	15.50 - 17.15
Серуенге дайындық, серуен	17.15- 17.40
Серуеннен оралу	17.40 – 17.50
Балалардың үйге қайтуы	17.50 – 18.00

1.5. Ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі 2021-2022ж

Ерте жас «Балапан» тобы (1жастан бастап). 1-2 апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)			Денешынықтыру (1,0)
Қатынас -1,0			Сөйлеуді дамыту(0,5) Көркем әдебиет(0,5)		
Таным-1,0		Жаратылыстану (1,0) Сенсорика (0,5)			
Шығармашылық- 2,0			Музыка(1,0)	Сурет салу(0,5) Мүсіндеу(0,5)	
«Әлеуметтік»-0					

3 -4апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)			Денешынықтыру (1,0)
Қатынас -1,0			Сөйлеуді дамыту (0,5) Көркем әдебиет (0,5)		
Таным-1,0		Жаратылыстану (1,0) Сенсорика (0,5)			
Шығармашылық- 2,0			Музыка(1,0)	Сурет салу(0,5) Мүсіндеу(0,5)	
«Әлеуметтік»-0					

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -7сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 7-10мин

Кіші «Балауса» тобы (2жастан бастап). 1-2 апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3		Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)
Қатынас -1,0		Сөйлеуді дамыту(0,5)			
Таным-2,0	Құрастыру (0,5)				Жаратылыстану (1,0)
Шығармашылық-3	Музыка(1,0)		Сурет салу(1,0) Музыка (0,5)		
«Әлеуметтік»-0					

3 -апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3		Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)
Қатынас -1,0				Көркем әдебиет(0,5)	
Таным-2,0	Сенсорика (0,5)				Жаратылыстану (1,0)
Шығармашылық-3		Мүсіндеу(0,25)	Сурет салу(1,0) Жапсыру (0,25)		
«Әлеуметтік»-0					

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -9сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы: 10-15мин

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі 2021-2022ж

Ортаңғы «Айгөлек» тобы (3жастан бастап) 1-2апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)
Қатынас -2,0		Сөйлеуді дамыту(1,0)	Көркем әдебиет(1,0) Орыс тілі(0,5)		
Таным-2,5	Құрастыру (0,5)		Математика (1,0)	Жаратылыстану(1,0)	
Шығармашылық-3		Музыка(1.0)		Жапсыру (0,5) Мүсіндеу (0,5) Музыка(0,5)	Сурет салу(1,0)
Әлеуметтік орта-0,5	Қоршаған ортамен таныстыру (0,5)				
Ұйымдастырылған оқу қызметі уақытты: 15-20 минут					

3-4 апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)
Қатынас-2,0		Сөйлеуді дамыту(1,0)	Көркем әдебиет(1,0) Орыс тілі(0,5)		
Таным-2,5	Құрастыру (0,5)		Математика (1,0)	Жаратылыстану(1,0)	
Шығармашылық-3		Музыка(1.0)		Жапсыру (0,5) Мүсіндеу (0,5) Музыка(0,5)	Сурет салу(1,0)
Әлеуметтік-0,5	Қоршаған ортамен таныстыру (0,5)				
Вариативтік бөлім:1сағат. «Ертегілер елінде»(1,0)					

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -11сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 15-20мин

Вариативтік бөлімдегі оқу қызметінің жалпы көлемі-12 сағ

Жаңартылған мектепке дейінгі тәрбие және оқыту мемлекеттік стандарты бойынша ұйымдастырылған оқу қызметінің кестесі 2021-2022ж

Ересек «Жұлдыз»тобы (4 жастан бастап) 1-2апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)	
Қатынас -2,5		Сөйлеуді дамыту(1,0)		Көркем әдебиет(1,0)	Орыс тілі(0,5)
Таным-2,5	Құрастыру (0,5)		Математика (1,0)		Жаратылыстану(1,0)
Шығармашылық-3.5		Сурет салу(1,0)	Музыка(1,0)	Жапсыру (0,5) Мүсіндеу (0,5)	Музыка(0,5)
Әлеуметтік орта-0,5	Қоршаған ортамен таныстыру (0,5)				
Ұйымдастырылған оқу қызметі уақытты: 20-25 минут					

3-4 апта

Апта күндері Білім саласы	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық-3	Денешынықтыру (1,0)	Денешынықтыру (1,0)		Денешынықтыру (1,0)	
Қатынас-2,5		Сөйлеуді дамыту(1,0)		Көркем әдебиет(1,0)	Орыс тілі(0,5)
Таным-2,5	Құрастыру (0,5)		Математика (1,0)		Жаратылыстану(1,0)
Шығармашылық-3		Сурет салу(1,0)	Музыка(1,0)	Жапсыру (0,5) Мүсіндеу (0,5)	Музыка(0,5)
Әлеуметтік-0,5	Қоршаған ортамен таныстыру (0,5)				
Вариативтік бөлім:2сағат. «Сыйқырлы суретші»(1,0) шебер қолдар(1,0)					

Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі -12сағат.

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы 20-25мин

Вариативтік бөлімдегі оқу қызметінің жалпы көлемі-14 сағ

**«Көмек ата» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС «Балапан» ерте жас тобының
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Балапан» ерте жас тобының (1жастан бастап)	
		Апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	1	36
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	-	-
3	«Таным»	1	36
	Математика негіздері	-	-
	Сенсорика	0,5	18
	Құрастыру	-	-
	Жаратылыстану	0,5	18
4	«Шығармашылық»	2	72
	Сурет салу	0,5	18
	Мүсіндеу	0,5	18
	Жапыстыру	-	-
	Музыка	1	36
5	«Әлеуметтік »	-	-
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	-
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	7-10 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	7	252
8	Вариативтік компонент	-	-
	Барлығы	7	252

**«Көмек ата» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС «Балауса» кіші тобының
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Балауса» ортаңғы тобы (2жастан бастап)	
		Апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	1	36
	Сөйлеуді дамыту	0,5	18
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	-	-
3	«Таным»	2	72
	Математика негіздері	-	-
	Сенсорика	0,5	18
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3	108
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,25	9
	Жапыстыру	0,25	9
	Музыка	1,5	54
5	«Әлеуметтік »	-	-
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	-	-
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	10-15 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	9	324
8	Вариативтік компонент	-	-
	Барлығы	9	324

**«Көмек ата» бөбекжай-балабақшасы» ЖШС «Айгөлек» ортаңғы тобының
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Айгөлек» тобы (3 жастан бастап)	
		Апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	2	72
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	0,5	18
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	18
	«Таным»	2,5	90
	Математика негіздері	1	36
3	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
	«Шығармашылық»	3	108
	Сурет салу	1	36
4	Мүсіндеу	0,25	9
	Жапыстыру	0,25	9
	Музыка	1,5	54
	«Әлеуметтік »	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-
5	Қоршаған ортамен танысу	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	15-20 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	11	396
8	Вариативтік компонент	1	36
	«Ертегілер елінде»	1	36
	Барлығы	12	432

**«Көмек ата» бөбекжай-балабақшасы»ЖШС «Жұлдыз»ересек тобының
2021-2022 оқу жылына арналған тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары**

№	Білім беру салалары / Ұйымдастырылған оқу қызметі	«Жұлдыз» ересек тобы (4-жастан бастап)	
		Апталық	жылдық
1	«Денсаулық»	3	108
	Дене шынықтыру	3	108
	Қауіпсіз мінез-құлық негіздері	-	-
2	«Қатынас»	2,5	90
	Сөйлеуді дамыту	1	36
	Көркем әдебиет	1	36
	Сауат ашу негіздері	-	-
	Орыс тілі	0,5	18
3	«Таным»	2,5	90
	Математика негіздері	1	36
	Сенсорика	-	-
	Құрастыру	0,5	18
	Жаратылыстану	1	36
4	«Шығармашылық»	3,5	126
	Сурет салу	1	36
	Мүсіндеу	0,5	18
	Жапыстыру	0,5	18
	Музыка	1,5	54
5	«Әлеуметтік »	0,5	18
	Өзін-өзі тану	-	-
	Қоршаған ортамен танысу	0,5	18
6	Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы	20-25 мин	
7	Ұйымдастырылған оқу қызметінің жалпы көлемі	12	432
8	Вариативтік компонент	2	72
	«Сыйқырлы суретші»	1	36
	«Шебер қолдар»	1	36
	Барлығы	14	504

1.7 Бір жылға арналған іс- шаралар кестесі

[illegible]

2. Кадрлармен жұмыс

2.1. Педагогикалық кеңестер.

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
	№1 педагогикалық кеңес		
	Тақырыбы: «Жаңа оқу жылына жаңа қадаммен!» Мақсаты: 2021-2022 оқу жылына топтардың, педагогтардың дайындығы, биылғы жылғы алға қойған мақсат, міндеттерді айқындау. жылдық жұмыс жоспарын талдау, бекіту. Шығармашылық жоба тақырыптарын бекіту. 1.(Тақырыптық бақылау) Топтардың жаңа оқу жылына дайындығын бақылау 2. 2021-2022жаңа оқу жылының жылдық жоспарымен және мақсат –міндеттерімен таныстыру.Жаңа оқу жылының күн тәртібімен таныстыру. 3. Аттестациядан өтетін педагогтардың тізімін анықтау. 4. Шығармашылық жоба тақырыбы бекітілсін. 5.№ 1 педагогикалық кеңес шешімі	Тамыз	Меңгеруші Б.Баисова
	№2 педагогикалық кеңес		
	Тақырыбы: Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялықбілімдерін жетілдіру. Мақсаты: Қарапайым зерттеу әрекеті арқылы балалардың экологиялық білімдерін жетілдіру, қоршаған ортаны қорғауға, аялауға тәрбиелеу 1.Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Таза ауаның адам өміріне маңызын зерттей отырып,табиғат аясында дене шынықтыру 3. Балаларға зерттеу әрекеті арқылы экологиялық тәрбие берудің маңызы 4. Суды зерттеуарқылыэкологиялық тәрбие беру. (Баяндама) 5. Бөлме гүлдерін зерттеу. (Баяндама) 6.Ашық оқу қызметтерді талдау.	Қазан	Меңгеруші Б.Баисова. Әдіскер Б.Баисова. Педагогтар А.Суттибаева Ж.Айдаркулова У.Мирзабасиева. Х.Абдикаликова Орыс тілі маманы Р.Абдукаримова. Тәрбиеші Х.Абдикаликова
	№3 педагогикалық кеңес		
	Тақырыбы: Балаларға экологиялық білім беруде дамытушы ойындардықолдана отырып, креативті ойлауға жетелеу; Мақсаты: Балаларға экологиялық білім беруде дамытушы ойындардықолданудың тиімді жолдарын қарастыру. Ойын		Меңгеруші Б.Баисова.

	кезінде балаларды креативті ойлауға жетелеу.		
	1.Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Мектеп жасына дейінгі балаларға экологиялық тәрбие беру жұмысын ұйымдастыру 3.«Восковович кілемі» ойынының жүргізу тәсілі арқылы бағытта ойын жүргізу. 4. Педагогикалық кеңес шешімі	Желтоқсан	Тәрбиеші А.Суттибаева Меңгеруші Б.Баисова. Әдіскер Б.Баисова. тәрбиешілер
	№4 педагогикалық кеңес Тақырыбы: «Оқу жылындағы балабақшаның қорытынды жұмысы» Мақсаты: Мамандардың, тәрбиешілердің жыл бойына атқарған жұмыстарының есебін тыңдау, талдау. Тәрбие және оқыту жұмысының шешіміне баға беру, жетістіктер мен шешілмеген мәселелерді анықтау. 1.Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Педагогтардың жылдық жұмыс қорытындысы. 3. II жарты жылдық бойынша мониторинг қорытындысы. 4. Тақырыптық бақылау қорытындысы: Серуен кезінде балалардың еңбек әрекетін бақылау қорытындысы. Мектепке баратын балалардың бағдарламаны игеру деңгейі	Наурыз	меңгеруші Б.Баисова. Әдіскер Б.Баисова. Тәрбиеші Х.Абдикаликова Тәрбиеші У.Мирзабасиева Тәрбиеші А.Суттибаева
	№5 педагогикалық кеңес Тақырыбы: Балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастық Мақсаты: Балаларды ұлттық құндылыққа тәрбиелеуде балабақша мен отбасы арасындағы сабақтастықты нығайта түсуде салт-дәстүрлерді, ұлттық ойындарды, қазақ балалар фольклорын қолдану. 1.Өткен пед кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Балабақшада ата-аналармен жүргізіліп жатқан жұмыстың жалпы деңгейі 3.Отбасында баланы адамгершілікке, патриоттыққа тәрбиелеу. Баяндама 4.Жазғы сауықтыру, шынықтыру іс-шаралар жоспарын күн тәртібін, жазғы оқу, қызметі, кестесін бекіту 5.Тақырыптық бақылау қорытындысы: ата-аналармен жұмыс түрлері	Мамыр	Меңгеруші Б.Баисова Әдіскер Б.Баисова Тәрбиешілер Х.Абдикаликова А.Суттибаева Тәрбиеші Ж.Айдаркулова У.Мирзабасиева Тәрбиеші А.Суттибаева

2.2. Өндірістік кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Жазғы сауықтыру шараларының,ағымды жөндеу жұмыстарының қорытындысы.	Тамыз	Меңгеруші Б.Баисова
	2.Стандарт талаптарына сай топтарды жабдықтау, балалар тізімдерін анықтау.		ӘдіскерБ.Баисова
	3.Қызметкерлерді балабақшаның күн тәртібі мен ішкі еңбек тәртібі лауазымдық міндеттерімен таныстыру.		Меңгеруші Б.Баисова
	4.Жұмыс уақындағы еңбек қауіпсіздігімен таныстыру.		Меңгеруші Б.Баисова
	5. Балабқша мейірбикесінің есебі		Мейірбике У.Таңатарова
2	№2 1.Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Желтоқсан	меңгеруші Б.Баисова
	2. Тамақтану кезінде балалардың мәдени гигиеналық талаптарының сақталуы.		Меңгеруші Б.Баисова
	3. Жылу жүйесін текесру.		Күзетші И.Каримов
	4. Мүліктерді түгелдеу жұмысын жүргізу		А.Қ мүшелері
	5. Жаңа жыл ертеңгілігінде қауіпсіздікті сақтау.		Меңгеруші Б.Баисова
3	№3 Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Наурыз	Меңгеруші Б.Баисова.
	2. Тамақтану кезінде гигиеналық талаптардың сақталуы жөнінде есебі. 3. «Өрт және қауіпсіздігін сақтау» туралы нұсқаулық		Мейірбике У.Таңатарова
	4. Көгалдандыру жұмыстары		Жұмысшы
4	№ 4 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы 2. Жаз мезгіліндегі рационалды тамақтандыруды ұйымдастыруды бақылау 3. Бала денсаулығын нығайту жаз мезгілінде болатын алдын алу шаралары 4. Жазғы маусымға балабақша ауласын дайындау 5. Жазғы ағымды жөндеу жұмыстарын ұйымдастыру.	Мамыр	Меңгеруші Б.Баисова Медбике У.Таңатарова Шар. Меңгерушісі А.Артикова.

2.3. Меңгеруші жанындағы кеңестер

№	Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
1	1.Топтардың жаңа оқу жылына дайындығы (шолу тексерудің қорытындысы)	Қыркүйек	Меңгеруші Б.Баисова
	2.Педагогикалық кадрларды орналастыру		Меңгеруші Б.Баисова
	3.Топтардың санитарлық жай күйі		Меңгеруші Б.Баисова
	4.Жас мамандарға тәлімгер тағайындау		Меңгеруші Б.Баисова
	5.Балалардың даму деңгейі бастапқы мониторинг		
2	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	Қараша	Меңгеруші Б.Баисова.
	2. «Тіл апталығын», «Алтын күз» мерекесін талқылау.		Меңгеруші Б.Баисова
	3. «Ай сайынғы балалардың балабақшаға қатысуы мен денсаулық сараптамасы» салыстырудың қорытындысы		Меңгеруші Б.Баисова
	4. Президент күні және тәуелсіздік күні, жаңа жыл бағдарламасын бекіту.		Меңгеруші Б.Баисова
3	1. Өткен кеңестің шешімінің орындалуы	қаңтар	Меңгеруші
